

«Астана Медициналық Университеті» АҚ
Еңбек гигиенасы және коммуналдық гигиена кафедрасы

Тақырыбы:

**Автокөлікпен тез бұзылатын және қауіпті
жүктерді тасымалдауға арналған
санитарлық-эпидемиологиялық талаптар**

Тексерген: аға оқытушы Сембиева Ф.Т.

Орындаған: Қайсарбай Әсел

Тобы: 501 МПІ

Астана-2015 жыл

Жоспар:

I. Кіріспе

II. Негізгі бөлім

2.1.

2.2.

2.3.

2.4.

III. Қорытынды

IV. Пайдаланған әдебиеттер

Кіріспе

Жүк тасымалдау дегеніміз оларды шығарылатын жеріне тұтыну орындарына дейін жеткізуді білдіреді. Жүк тасымалы өнеркәсіп пен ауылшаруашылық өнімдерін өндіру жұмысын оларды пайдаланатын салада жалғастыруды және аяқтауды көздейді, олар осыдан кейін ғана пайдалануға дайын болады.

Жүк дегеніміз бұл белгіленген тәртіп бойынша жүк вагондарымен, контейнерлермен тасымалдау үшін қабылданған нысан.

Тамақ өнімдерін, азық-түлік шикізатын және шаруашылық-ауыз суды тасымалдауға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар

- Көлік құралдарының ішкі беті Қазақстан Республикасында қолдануға рұқсат етілген материалдардан жасалған, жуу және дезинфекциялау құралдарына төзімді, жеңіл жуылатын және дезинфекцияланатын гигиеналық жабыннан көзделеді.
- Тасымалдауға арналған көлік құралдары таза, бөтен иіссіз ұсынылады.
- Тез бұзылатын тамақ өнімдерін тасымалдау тез бұзылатын тамақтарды тасымалдау жағдайларына қойылатын талаптарға сәйкес температуралық режимді қамтамасыз ететін мамандандырылған көлікпен жүзеге асырылады.
- Егер жүк жөнелтушінің көлік құралдарына қоятын температуралық режимі немесе басқа да жағдайлары қамтамасыз етілмесе, тасымалдаушы мұндай жүкті тасымалдауға қабылдамайды.

Тамақ өнімдерін, азық-түлік шикізатын және шаруашылық-ауыз суды тасымалдауға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар

- Егер жүктің құжатында көрсетілген тасымалдау мерзімі жүкті жеткізу мерзімін есептеу қағидаларына сәйкес белгіленген жеткізу мерзімінен аз болса, тасымалдаушы тез бұзылатын өнімдерді тасымалдауға қабылдамайды.
- Тамақ өнімдерін тасымалдау кезінде тауар көршілестігі сақталады. Тамақ өнімдерін азық-түлікке жатпайтын жүктермен бірге тасымалдауға жол берілмейді.
- Шаруашылық-ауыз суды тасымалдау осы мақсатқа арналған, арнайы жабдықталған изотермиялық цистерналарда жүзеге асырылады.
- Су тасымалдауға арналған ыдыстардың конструкциясында мыналар: жылу оқшаулағыш қабат, люк арқылы су алуды болдырмауға арналған ілмек құрылғыларымен жабдықталған тығыз жабылатын қақпақтар және су ағызуға арналған құрылғы (шүмектер) көзделеді. Су ағызуға арналған құрылғы ыдыстың судан толық босатылуын қамтамасыз етеді.
- Ыдыстардың ішкі бетінде тоттануға қарсы қабатының бұзылғаны байқалса, ыдыстар қосымша тоттануға қарсы жабынмен қапталуға жатады.

